**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқубағдарламасы негізінде**
**2022 – 2023 оқужылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы**: «Алтын бесік» бөбекжайы
**Топ/сынып:** «Сәби» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы
**Жоспардың құрылу кезеңі**:2022-2023 оқу жылы
ақпан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| АҚПАН | Денешынықтыру | **Негізгі қимылдар**:<br>Еңбектеу, өрмелеу.Бөренеден (диаметрі 15-20 см) аттап өту, 35-40 см жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту (диаметрі 45 см).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>**Қимылды ойындар**<br>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету;<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би және т.б.) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. |
| | Сөйлеудідамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру.<br>**Фонетикалық қабылдау дағдырларын қалыптастыру**<br>Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>**Сөздік қор:** Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну және т.б.), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу және т.б.) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу және т.б.) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау.Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ата, әже, әке, ана), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт және т.б.), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар және т.б.) білдіретін сөздермен толықтыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.<br>**Шығармашылық сөйлеу іс-әрекеті**<br>Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру<br>**Шығармаларды қабылдау**<br>Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету. |
| | Көркем әдебиет | **Оқу, әңгімелеу**<br>Жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарауға баулу.<br><br>**Мәнерлеп оқу**<br>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.<br>**Мазмұндау**<br>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>**Театр дағдыларын дамыту**<br>Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу.<br><br>**Моральдық нормалар түсінігі**<br>Үстел үсті, саусақ театрларын өзбетінше ойнату. |
| | Сенсорика | **Көп**<br>Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып кіргізе білу.<br>**Саны , есебі**<br>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.<br>**Шамасы**<br>Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу-жабу, өткізу-шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5 сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Дене бөліктерінің орналасуын шарлау мүмкіндігін үйрету<br>**Уақыт бойынша бағдарлау**<br>Тәулік бөліктерін атау, тану дағдыларын қалыптастыру: таң, күн, кеш, түн |
| | Қоршағанортаментаныстыру | **Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары**<br>Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар және т.б.) және |

| | | |
|---|---|---|
| | | олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау және т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгеріістер**<br>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.<br>**Өсімдіктер мен жануарлар әлемі**<br>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Бала , оның отбасы ,үйі**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.<br>**Заттар әлемі**<br>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану<br>**Жол ережелері**<br>Әртүрлі көлік түрлері, көлік бөліктері (жаяу жүргіншілер, жер асты өткелдері) бағдаршамдар, көшеде өзін-өзі ұстау ережелері, өткелдер туралы білімдерін қалыптастыру |
| | Құрастыру | **Қағаз құрылысы**<br>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. |
| | Сурет салу | **Сәндік сурет**<br>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу | **Сәндік мүсіндеу**<br>Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. |
| | Жапсыру | **Сәндік жапсыру**<br>Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау**<br>Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу (баяу және көңілді әндер).<br>**Шырқау**<br>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>**Музыкалық-ритмикалық қимылдыр**<br>Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.<br>**Билер**<br>Қарапайым би қимылдарын орындау:қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу;<br>**Ойындар,әңдер**<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау<br>**Балаларға арналған музыкалық аспаптармен ойнау**<br>Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.<br>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. |